

Ясауи университеті

yasaui.gazeti@ayu.edu.kz

университет студенттерінің үні

№11 (588) 15 қазан 2025 жыл

Есеп беру жиыны: жемісті жыл, жаңа мақсаттар



Жуырда университетіміздің ректоры Жанар Темірбекова жылдағы 2024-2025 оқу жылында атқарылған іс-шаралар туралы ұжым және қоғам алдында есеп берді. Іс-шараға Түркістан облысының құрметті азаматтары, облыс және қала әкімдігінің өкілдері, қоғам белсенділері, облыстық мәслихат депутаттары, облыстық Ақсақалдар кеңесінің мүшелері, БАҚ өкілдері, университет ұжымы мен студенттер қатысты.

Айтулы кеште сөз бастаған университет ректоры Жанар Темірбекова: «2024–2025 оқу жылында университетіміз ұлттық және халықаралық деңгейдегі беделін нығайтып, жетекші жоғары оқу орындарының қатарынан көрінді. 2025–2026 оқу жылына бакалавриат, магистратура, докторантура және резидентура бағдарламалары бойынша 2874 студент қабылданды. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 16,3%-ға артық. Бүгінде университетте 175 білім беру бағдарламасы бойынша мамандар даярланып жатыр. Сондай-ақ, QS World University Rankings 2025 нәтижесінде университетіміз 761–770 аралығында, ал Asia University Rankings тізімінде 193-орында орналасқан. Сондай-ақ, Орталық Азия университеттері арасында 9-орынға тұрақтады. Университетіміз QS Subject Rankings, QS Sustainability Rankings және Times Higher Education Impact Rankings рейтингтерінде де өз позициясын едәуір жақсартты. Бұл көрсеткіштер – біздің академиялық сапамыз бен халықаралық беделіміздің жүйелі түрде артып келе жатқанын айғақтайды», - деді.

Басы. Жалғасы 2-бетте.

ӘЛЕМ ЧЕМПИОНАТЫНДА ТОП ЖАРДЫ

Спортшыларымыз Индонезия мемлекетінде спорттық және жауынгерлік самбодан жастар және жасөспірімдер арасында өткен Әлем чемпионатында жүлдегер атанды.

Қазан айының басында Кабупатен Богор қаласында өткен айтулы спорттық додада университет студенті Ақбота Қыдырәлі 72 кг салмақ дәрежесінде күміс медальге ие болды. Ал 98 кг сал-

мақтағы Алмас Темірбай мен 80 кг салмақта белдескен Ұлбосын Адилова қола жүлдені еншіледі.

Әлем чемпионатында ел мерейін асқақтатқан спортшыларымыздың жетістіктері құтты болсын! Сондай-ақ, студенттеріміз Өзбекстанның Хорезм облысы, Үргеніш қаласында өткен әмбебап жекпе-жектен (UNIFIGHT) Әлем чемпионатында жеңіс тұғырынан көрінді.

Биылғы жылдың 25-30 қыркүйек күндері өткен дүбірлі додаға 12 мемлекеттің спортшылары қатысып, бақ сынады.

Айтулы сайыста студенттеріміз 95+кг салмақтағы Шерехан Ерәділ мен 70 кг салмақта жұдырықтасқан Шерехан Нұрәділ жеңіске жетті. Студенттерімізге алдағы байрақты бәсекелерде сәттілік тілейміз!

«ЯУ-ақпарат».

Есеп беру жиыны: жемісті жыл, жаңа мақсаттар

Соңы. Басы 1-бетте.

2024-2025 оқу жылындағы ауқымды істерді Түркістан облысының ақсақалдары мен оқу орданың ардагер ұстаздары, қоғам қайраткерлері оң бағалап, университеттің одан әрі қарыштап дамуына тілектік білдіріп, ақ батасын берді.

Жылдық есептің қысқаша мазмұны:

ЖИ мен цифрлық даму – басым бағытта

Жасанды интеллект пен цифрлық даму – басым бағытта. Президент Қ.Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асқан «AI-SANA» ұлттық жобасы аясында университет тірек жоғары оқу орындарының бірі болып танылды. Осы бағдарлама шеңберінде 9161 студент пен оқытушы жасанды интеллект негіздері бойынша халықаралық сертификат алды. Сонымен қатар, университет қабырғасында AIJan, I-Talarker, AI-Kitarkhanashy, және Help Desk AI атты төрт цифрлық агент іске қосылды. Бұл жобалар оқу үдерісін жеңілдетіп, қызмет көрсету сапасын арттыруға бағытталған.

Білімнің қайнар көзі – университет кітапханасының жалпы қоры 523 мың данадан асты. Жыл ішінде 7 390 жаңа кітап сатып алынып, кітап қорын толықтыруға 45 миллион 521 мың теңге жұмсалды. Сондай-ақ, электронды кітапхана жүйесінің жұмысы жандана түсті.

Ғылым мен инновация – стратегиялық басымдық

2024–2025 оқу жылында ғалымдарымыз 1 млрд 229 млн теңге көлеміндегі ғылыми жобаларды жеңіп алды. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 1,7 есеге артық.

Ғылыми базаны жаңарту мақсатында 2024 жылы университетте 8 жаңа зертхана ашылды. Олардың қатарында «Нанотехнология және энергетикаға арналған жаңа материалдар», «STEM және креативтілік», «Клиникалық диагностика», «Молекулярлық диагностика», «Патоморфология»,

«Жасуша биологиясы», сондай-ақ «AI Research Lab» жасанды интеллект зертханасы бар. Кентау кампусында да заманауи инженерлік зерттеу орталығы іске қосылды. Университетіміздің ғалымдары есепті кезең ішінде ауқымды халықаралық жобаны да жеңіп алды. Жалпы бюджеті 4 млрд теңгені құрайтын бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы «Оңтүстік Қазақстан өңірін тұрақты дамыту үшін инновациялық технологияларды әзірлеу және заманауи инфрақұрылым құру» деп аталады. Жоба зерттеушілері құрамында Қазақстан, Түркия, Германия, Венгрия және басқа да көптеген елдердің жетекші ғалымдары бар. Медицина, биотехнология және экология салаларын қамтитын көпсалалы жоба негізгі тақырып аясындағы салалық зерттеулерге айтарлықтай үлес қосады.

Инфрақұрылым жаңарып, жаңа мүмкіндіктер ашылды

2024–2025 оқу жылында оқу ғимараттары мен жатақханаларды жөндеуге 200 млн теңгеден астам қаражат бөлінді. №5 жатақхана мен студенттік асхана толық жаңғыртылып, университетке еңбегі сіңген тұлғалар атына аудиториялар мен жаңа зертханалық кабинеттер ашылды. Біршама лекция залдары жөндеуден өтіп, жаңа материалдық-техникалық базасы толықтырылды.

Кампус аумағы абаттандырылып, бірнеше жаңа аллеялар ашылды. Сондай-ақ, 360 жаңа моноблок компьютер мен 46 млн теңге көлеміндегі медициналық құрал-жабдықтар сатып алынды. Бұл жұмыстар оқу процесін заманауи талаптарға сәйкестендіріп, студенттер мен қызметкерлердің қолайлы жағдай жасауға бағытталды.

Мәдени-әлеуметтік бағыттағы жетістіктер

Мәдени-әлеуметтік және спорт саласында университет жетістік-

тері ауыз толтырып айтарлықтай. Өткен оқу жылында Әлем, Азия чемпионаттары және халықаралық, республикалық жарыстарда 200-ден астам спортшымыз жеңіс тұғырынан көрінді. Ал Қазақстан Республикасы жоғары оқу орындарының XVI жазғы Универсиада-сы-2025 жарыстарында спортшы жастарымыз топ жарып, командалық есепте жеңімпаз атанды.

Студенттерді әлеуметтік қолдау мәселелері де әрдайым басты назарда. 2024-2025 оқу жылына тұлжетім, жартылай жетім, әлеуметтік жағдайы төмен 45 талапкерге Түркия квотасы берілді. Ата-анасының қамқорлығынсыз қалған 21 студент жатақхана тегін орналастырылды. Бұдан бөлек, әлеуметтік қолдау қажет студенттерге 2 мезгіл тамақ тегін берілді.

Ынтымақтастық және халықаралық мүмкіндіктер

Университетіміз 2024 жылы ҚР Ұлттық ғылым академиясымен, Конституциялық Сотпен, Ташкент мемлекеттік транспорт университетімен, сондай-ақ ТҮРКСОЙ және ТІКА ұйымдарымен меморандумдарға қол қойды.

Халықаралық оқу ордамыз оқытушы-профессорлар мен студенттердің шетелде тәжірибе алмасып, жаңа білім игеруіне әрдайым жағдай жасайды. Осы мақсатта университетте ұзақ жылдар бойы қызмет етіп келе жатқан 31 оқытушы Түркияның Анкара қаласына іс-тәжірибе алмасу мақсатында барды. Сондай-ақ, 2024-2025 оқу жылында үздік нәтиже көрсеткен 40 студент «Ясауи Түркология» жазғы мектебі – 2025» аясында Түркиядағы тарихи қалалар мен орындарды аралап қайтты.

Қорытындылай келе айтар болсақ, университетіміз 2024–2025 оқу жылында аймақтық және халықаралық деңгейдегі беделін жаңа сатыға көтерді.

ЯУ-ақпарат.

ҒАЛЫМ МЕРЕЙІ

Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры, профессор Шәкір Ибраев 75 жасқа толды. Ғалымның айтулы белесіне орай оқу ордамызда «Түркология және Шәкір Ибраев зерттеулері» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.



Шәкір Ибраев – «Парасат» орденінің иегері, Түркология ғылыми-зерттеу институтының директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор. Түркітану ғылымына еңбегі сіңген, классикалық академиялық мектептен өткен белгілі тұлға.

Жиында сөз бастаған ректор Жанар Темірбекова: «Бүгін баршамыз Шәкір Ибраевтың 75 жас мерейтойын бірге атап өкелі отырмыз. Мұның белгілі бір себептері бар. Атап айтқанда, Шәкір Ибраев осыдан 22 жыл бұрын осы конгрестің өтуіне және қазақ, түрік, орыс, ағылшын тілдерінде жарық көретін «Түркология» журналының ашылуына мұрындық болған еді. Содан бері бұл конгресс тұрақты түрде өткізіліп келе жатыр. Бұл жиынның әлемдік түркология ғылымының дамуына белгілі бір дәрежеде ықпалы бар деген ойдамыз» деді.

Профессор Шәкір Ибраев мерейтой қарсаңында ғылым жолындағы ерен еңбегі үшін ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапатталды. Ғылыми жиынға еліміз бен шетелдің белгілі ғалымдары Шерубай Құрманбайұлы, Кенжехан Матыжанов, Абдылдажан Акматалиев, Өзкул Чобаноғлу, Хамидолла Дадабаев сынды танымал ғалымдар мен зиялы қауым өкілдері қатысты.

Ғалымның мерейтойына арналған салтанатты жиын аясында жаңа кітаптарының тұсауке-

сер рәсімінде Шәкір Ибраевтың ғылыми еңбектерің жинағы таныстырылды. Университетіміздің «Тұран» баспасында жарық көрген көптомдық еңбек – «Эпос әлемі», «Қазақтың ғұрыптық фольклоры», «Қазақ фольклоры», «Түркология және қазақ руханияты», «Абай феномені», «Абайдың ақындық бейнесі», «От фольклористики до тюркологии» атты 7 томнан тұрады.

Келесі кезекте, көпшілікке М.Әуезов атындағы Әдебиет және Өнер институтының ұжымы тарапынан даярланған «Іргелі ғылымды ту еткен ғалым» атты кітап таныстырылды. Институттың Бас директоры, филология ғылымдарының докторы, профессор ҰҒА-ның академигі Кенжехан Матыжан Шәкір Ибраевты мерейтойымен құттықтап, ақжарма тілегін арнап, кітапты табыстады. Сонымен қатар, Шәкір Ибраевтың «Қазақтың салттық фольклоры» кітабының қырғыз тіліндегі аудармасын Қырғызстан Ғылым Академиясының академигі, Манас атындағы Әдебиет және Тіл институтының Бас директоры Абдылдажан Акматалиев таныстырды. Ал, ғалымның «Kazak rituel folkloru» атты кітабының түрік тіліндегі басылымы жайлы профессор Өзкул Чобаноғлу баяндады.

Сонымен қатар, Шәкір Ибраевтың зерттеулері туралы жазылған «Руханият тамыршысы» кітабы көпке ұсынылды. Бұл еңбектің авторлары: филология ғылымдарының докторы, профессор Берік Рахимов

пен студент Аружан Сағындықова және филология ғылымдарының кандидаты Амангелді Мамыт өз ойларын ортаға салып, Шәкір Ибраевтың ғылымға қосқан сүбелі еңбегі жөнінде сөз қозғады.

Шәкір Ибраевтың Мәскеу қаласында орыс тілінде жазған кітабы «Oğuz Kahramanlık Destanının Poetikası» деген атпен түрік тіліне аударылған екен. Айтулы кітапты профессор, доктор Бүлент Байрам мен доктор Мадина Молдашеева және Түркология ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары доктор Халил Четин аударып, баспаға дайындады. Аталған еңбек те таныстырылды. Осылайша түркітану ғылымының дамуына елеулі еңбек сіңірген ғалым Шәкір Ибраевтың өзі жазған және ғалымның еңбектерін талдаған, оның шығармашылығы туралы жазылған еңбектердің жиынтығы салтанатты түрде жұртшылыққа таныстырылды.

Конференцияның негізгі бөлімінде ғалымдар Шәкір Ибраев пен түркологияның өзекті мәселелері жайлы маңызды баяндамалар оқыды.

Жиын соңында саналы ғұмырын тек қазақ жұртының ғана емес, түркі әлемінің тарихына, әдебиетіне арнаған Шәкір Ибраевқа көпшілік қауым құрмет көрсетті. Ғалымның иығына шапан жауып, 75 жас мерейтойымен құттықтады.

ҚАЛДЫҚСЫЗ КАМПУС: БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ

Бүгінгі күні адамзат алдында тұрған ең үлкен сын-қатерлердің бірі – экологиялық дағдарыс. Әлемде өндірістік және тұрмыстық қалдықтардың шамадан тыс көбеюі, атмосфераның ластануы, табиғи ресурстардың сарқылуы мен климаттың өзгеруі жаңа шешімдер қабылдауды талап етуде. Бұл ретте «тұрақты даму» қағидасы – табиғатты қорғаудың ғана емес, сонымен қатар экономикалық өсім мен әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етудің де басты бағыты болып отыр.

Осындай сын-қатерлерді еңсеруде жастардың, әсіресе университет студенттерінің экологиялық мәдениетін арттыру ерекше маңызды. Өйткені болашақ мамандардың табиғатқа деген көзқарасы, алған білімі мен тәжірибесі ертеңгі күннің экологиялық бейнесін анықтайды. Дәл осы тұста халықаралық деңгейде қарқынды дамып келе жатқан «Zero Waste Campus» (Қалдықсыз кампус) тұжырымдамасы университеттерді экологиялық тәрбие мен білім берудің үлгілі алаңына айналдыруға мүмкіндік береді.

«Zero Waste» ұғымы – қалдықтарды барынша азайтуға, қайта пайдалану мен қайта өңдеуге негізделген тұжырымдама. Ал «Zero Waste Campus» – осы идеяның университеттерде жүзеге асқан нұсқасы. Оның негізгі мақсаты – кампус аумағындағы қалдықтарды азайтып, қайта өңдеу жүйесін қалыптастыру, жасыл технологияларды енгізу және студенттерді экологиялық жауапкершілікке баулу.

Әлемнің көптеген жетекші университеттері бұл тәжірибені кеңінен қолданып келеді. Мәселен, АҚШ-тағы Стэнфорд университеті, Еуропадағы Лунд университеті немесе Жапониядағы Киото университеті қалдықсыз кампус құру бағытында елеулі жетістіктерге жетті. Бұл бастама университеттің беделін арттырып қана қоймай, студенттердің ғылыми-зерттеу жұ-

мыстарына жаңа серпін беруде.

Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті – еліміздің рухани астанасы Түркістандағы іргелі білім ордасы ғана емес, сонымен қатар аймақтың экологиялық ахуалын жақсартуға үлес қосып келе жатқан жоғары оқу орны. Университет қабырғасында экологиялық мәдениетті дамытуға бағытталған бірқатар жобалар жүзеге асырылуда. Бұл ретте Жаратылыстану ғылымдары факультетінің «Экология және химия» кафедрасының қауымдастырылған профессорлары, PhD Н. Әбдімүтәліп пен Г. Тойчибекова жетекшілік ететін «Green Growth» студенттік клубының еңбегін ерекше атап өтуге болады. Клуб құрамындағы студенттер экологиялық акциялар, семинарлар, тренингтер мен ғылыми жобаларға белсенді қатысып, кампуста жасыл бастамаларды ілгерілетуде.

«Green Growth» клубы «Zero Waste Campus» тұжырымдамасын жүзеге асыру аясында бірнеше басты бағыттарды анықтап отыр:

- Қалдықтарды азайту (Reduce). Бір реттік пластик ыдыстардан бас тартып, орнына экологиялық таза, қайта пайдалануға болатын өнімдерді енгізу.

- Қайта пайдалану (Reuse). Жарамды материалдар мен заттарды қайта қолдану мәдениетін дамыту.

- Қайта өңдеу (Recycle). Қағаз, пластик, шыны, металл қалдықтарын сұрыптап жинау және қайта өңдеу кәсіпорындарына жіберу.

- Компост жасау. Асханадан шығатын органикалық қалдықтарды тыңайтқышқа айналдырып, кампустың көгалдандыру жұмыстарына пайдалану.

- Экологиялық білім беру. Студенттер мен оқытушылар арасында экотренингтер, ғылыми семинарлар, экологиялық марафондар ұйымдастыру.

Жоба аясында университет аумағында бірқатар тың бастамалар қолға алынбақ. Атап айтқанда, әр факультет пен жатақханалардың

алдында қалдықтарды сұрыптау жәшіктерін, жеке-жеке контейнерлер орналастыру жоспарлануда. Сонымен қатар, эко-акциялар, «Plastic Free Day», «Eco Friday», «Recycle Week» сынды халықаралық форматтағы шаралар ұйымдастырылады. Экологиялық білім аясында шеберлік сабақтарын өткіземіз. Онда студенттер қайта өңделген материалдардан тұрмыстық бұйымдар жасап, экосемке, экоқалта тігуге машықтанады. «Жасыл аймақ» құру жоспарда бар. Кампус аумағына ағаш отырғызу, көгалдандыру акциялары тұрақты дәстүрге айналады.

«Жасыл университет» идеясын қолдау мақсатында халықаралық конференциялар мен дөңгелек үстелдер, ғылыми жобалар мен форумдар ұйымдастыру жоспарланған.

«Zero Waste Campus» тұжырымдамасының жүзеге асырылуы бірнеше маңызды нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік береді. Олар: университеттің экологиялық беделін арттыру; студенттердің экологиялық мәдениетін қалыптастыру; кампус аумағындағы тұрмыстық қалдықтардың көлемін азайту; экологиялық стартаптар мен инновациялық жобалардың дамуына жол ашу; университетті халықаралық деңгейде эко-кампус ретінде таныту.

Табиғатты қорғау – адамзаттың ортақ борышы. Университет қабырғасынан бастау алған экологиялық жауапкершілік болашақта тұтас қоғамға ықпал етпек.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Zero Waste Campus» тұжырымдамасын жүзеге асыруға бағытталған бастамасы – тек студенттік орта үшін емес, күллі Түркістан өңірі үшін үлгілі жоба болары сөзсіз.


Н.Әбдімүтәліп, Г.Тойчибекова, PhD, «Экология және химия» кафедрасының қауымдастырылған профессорлары.

Ахмет Ясауи университетінің «Өнер, медиа және дизайн» факультетінде Райымбек Сейтметов атындағы акт залында Журналистика бөлімінде білім алып жатқан үздік студенттерге Бейсен Құранбек атындағы стипендия тапсырылды.

Қазақ журналистикасының феномені Бейсен Құранбек атындағы стипендия университетіміздің журналистика мамандығы бойынша білім алып жүрген үздік студенттер-

қоғамдық бірлестігінің төрағасы, облыстық мәслихаттың төрағасы Ғалымжан Елшібай. Ол биыл да үздік үш студентке стипендия тағандайындап, табыстады.

Аталған іс-шараға университет ректоры Жанар Темірбекова, вице-ректор Е.Төлегенов, факультет деканы Дархан Елжанов бастаған оқытушы-профессорлар, студенттер, Ғалымжан Елшібай, ҚР Журналистер Одағы Түркістан облысы филиалының төрағасы Мәлік Дәулетов, «Turkistan» телеарнасының ақпараттық сараптамалық хабарлар дирекциясының директоры



БЕЙСЕН ҚҰРАНБЕК АТЫНДАҒЫ СТИПЕНДИЯ ТАБЫСТАЛДЫ



ге Қазақстан Журналистер Одағы Түркістан облыстық филиалының ұйымдастыруымен 2021 жылдан бері тұрақты түрде тапсырылып келеді. Алғашқы жылы Ғалымжан Елшібайдың демеушілігімен берілген стипендия 2022 жылы кәсіпкер, облыстық мәслихат депутаты Инара Намазбаеваның қолдауымен жалғасын тапты. Одан кейінгі жылы Turkistan media holding ЖШС директоры Жанахмет Ағыбаев стипендия беруге мұрындық болды. Қазақстан Журналистер одағы Түркістан облыстық филиалының қолдауымен осы дәстүрлі бастаманың биылғы ұйымдастырушысы әрі демеушісі, «Медиакратия»

Ғани Қалмахан, «Хабар-24»-тің аймақтық тілшісі Жандос Жұмабеков, Turkistan телеарнасының бағдарламалар бөлімінің жетекшісі Мәриям Әбсаттар, Жазушылар одағының Түркістан облысындағы филиал төрағасы Айдар Сейдазім қатысты.

«Кезінде Райымбек Сейтметов ағамыздың бастамасымен негізі қаланған Өнер факультеті «Өнер, медиа және дизайн» факультеті болып қайта құрылып, жаңғырып, табысты жұмысын жалғастыруда. Оқу жылы басталғалы бері жаңа факультет мәдени-ағарту бағытында көптеген игілікті іс-шараларды сәтті ұйымдастырып, өткізіп

келеді. Мына бүгінгі іс-шара – сол жарқын істердің жалғасы.

Бейсен Құранбек атындағы стипендияны табыстау – тек үздік студентті марапаттау емес, ол – адамдық биік өнеге мен азаматтық жауапкершіліктің символы. Бейсен ағамыздың есімі еңбекқорлық, әділдік және рухани тазарудың үлгісі ретінде әрбір жасқа шабыт береді. Сондықтан бұл стипендия біздің студенттерге жігер мен бағыт-бағдар сыйлайды деп сенемін!» деді ректор Ж.Темірбекова.

Стипендияны ҚР Журналистер одағының Түркістан облыстық филиалының төрағасы Мәлік Дәулетов, «Turkistan» телеарнасының Ақпараттық сараптамалық хабарлар дирекциясының басшысы Ғани Қалмаханов, «Хабар» және «Хабар-24» телеарнасының меншікті тілшісі Жандос Жұмабек тапсырды.

Көп ішінен үздік атанғандар – 3-курс студенттері Қасиет Өмірбек пен Әсел Мәулен және 2-курс студенті Ақжан Қуан. Жеңімпаздарға өмірде өшпес із қалдырған ұлт журналистикасының жарық жұлдызы Бейсен Құранбек атындағы стипендия 100 мың теңге көлемінде табысталды.

*Ашық әңгіме

«...Өзіңе сен, өзіңді алып шығар»

«Ешқашан өзіңе сенуді тоқтатпа» бұл – Ахмет Ясауи университетінің жаңадан сайланған президенті Ұлмира Ізбасардың өзіндік пікірі. Жақында өткен университет президентін сайлау нәтижесінде Ұлмира Ізбасар көпшіліктің қолдауына ие болып, сайлау нәтижесінде білім ордасының жаңа басшысы атанды. Біз жаңа жетекшімен сұхбатасқанбыз.

– Ұлмира ең алдымен, жауапкершілігі мол – студенттік президент қызметіне сайлануыңызбен құттықтаймыз. Бұл сәт сіз үшін жаңа белес болғаны анық. Басшы болуға не түрткі болды?

– Рахмет! Шынын айтсам, мен басында президент болам деп нақты ойламадым. Бірақ университеттегі белсенді өмір, түрлі жобалар мен іс-шаралар мені осы жолға әкелді. Көп нәрсеге араласа жүріп, студенттердің мәселесін, ойларын жақсы түсіне бастадым. Сол кезде «егер өз ортаңа пайдаңды тигізе алсаң, неге болмасқа?» деген ой келді. Мен үшін президент болу – мансап не атақ емес, жауапкершілік. Бұл – жастардың үні бола білу, олардың бастамасын қолдау және университетті бірге дамыту мүмкіндігі.

– Университетіміздің басқа оқу орындарынан басты айырмашылығы неде деп ойлайсыз?

– Ясауи университетінің ең бірінші ерекшелігі – халықаралық деңгейде жұмыс істейтіндігінде деп есептеймін. Себебі, қаншама ұлт өкілдерін бір оқу ордасында жинап, білім беріп, ынтымақтастыққа шақыратын университет саны аз. Ясауи университеті өзін осындай деңгейді танытқан оқу орны.

– Демек, университетіміздің Түркі елдерінің бірлігі мен бауырластығын нығайтуда рөлі айтарлықтай маңызды ғой...

– Менің ойымша, Ясауи университеті – түркі әлемін біріктіретін

ерекше көпір. Себебі мұнда Түркиядан, Әзербайжаннан, Өзбекстаннан, Қырғызстаннан және басқа да бауырлас елдерден келген жастар бірге оқиды, бірге өседі. Біз тек білім алып қана қоймай, өз мәдениетімізді, тілімізді, дәстүрімізді бір-бірімізге танытамыз. Сол арқылы бауырластық пен өзара түсіністік күшейеді. Университеттің миссиясы – тек маман даярлау емес, түркі дүниесінің рухани байланысын нығайту.

– Шетелдік университеттермен қос дипломды бағдарламаларды кеңейту жоспары бар ма?

– Әрине, қазіргі таңда бізде Түркиядан бөлек, басқа да көршілес елдермен орнатылып жатқан академиялық білім алмасу бағдарламалары бар. Осы бағдарламалар болашақта да көбейіп, студенттердің болашағына үлкен жол ашып, қос дипломмен қатар, басқа да оң нәтижелерді игеруге, қаншама тәжірибелерді игеруге мүмкіндік сыйлайтынына сенімдімін.

– Қазіргі жастардың ең үлкен артықшылығы мен әлсіз тұсы неде деп ойлайсыз?

– Қазіргі жастардың ең үлкен артықшылығы – олар еркін ойлай алады. Ашық, батыл, жаңа нәрседен қорықпайды, өз идеясын айтуға ұмтылады. Технологияны жақсы меңгерген, әлемдік көзқарасы бар буын өсіп келеді. Бірақ кейде сол еркіндік пен мүмкіндіктің көптігі жауапкершілікті азайтып жібереді. Кей жастар тез нәтиже күтеді, ал еңбектің, табандылықтың маңызын ұмытып кетеді. Сол



себепті меніңше, бүгінгі жастарға ең керекті – тұрақтылық пен сабыр. Өйткені мүмкіндігі көп ұрпақ үшін ең бастысы сол мүмкіндікті дұрыс пайдалану.

– Болашақтың университеті сіздің ойыңызша қандай болуы керек?

Болашақтың университеті шығармашылық пен ғылым, руханият пен технология үйлескен кеңістік айналады. Онда басты құндылық – адам, ал басты мақсат – тұлға тәрбиелеу болу керек деп ойлаймын. Осы басты қағидаларды ала жүріп біз аталған мақсатымызға жетеміз.

– Егер студенттерге бір ғана кеңес беру мүмкіндігіңіз болса, не айтар едіңіз?

– Мен бір ғана нәрсе айтар едім: ешқашан өзіңе сенуді тоқтатпа. Қиындық болса да, кішкентай қадаммен болса да, алға жүре бер. Өйткені табыс бәрінен мықты болғандардікі емес, ешқашан берілмегендердікі. Сенің уақытың, сенің мүмкіндігің – дәл қазір. Сондықтан өзіңді іздеуден, дамыудан және арманың үшін күресуден қорықпа.

P.S Сұхбат барысында айтылған ой пікірлерге қарап, Ұлмирадан білімге деген ықылас пен жастарға деген зор сенімді байқауға болады. Расында, табыс табандылық пен еңбекқорлықтың жемісі. Университет тек білім ордасы ғана емес, арманға жетелейтін үлкен мектеп. Оған Ұлмира Ізбасардың өзі де, сөзі де дәлел деп ойлаймын.

Зухра АЛИАСҚАРОВА,
журналистика 2-курс студенті.

– Серікболсын, алдымен өзіңді таныстырып өтсең.

– Есімім Серікболсын Әбдхалық, жасым 20-да. Инженерия факультетінде 4-курста оқимын. Университетте белсенді студенттердің қатарындамын. Алдыңғы жылы студенттік декан ретінде біраз жұмыстар атқардым. Ал саяхатқа деген қы-

Қазіргі таңда білімді жастарға мүмкіндік көп, тек ынта мен жігер, қайрат, мақсат болса болғаны. Сондай жалындаған жастың бірі Серікболсынмен сұхбатымызды оқи отырыңыздар. Ол студент бола жүріп, 11 елді аралап, авторлық турлар ұйымдастырып жүрген азамат. Саяхатқа деген қызығушылығы мен жауапкершілігі оның өмір жолында ерекше орын алады.

Қажетті дәрілерді де өзіммен бірге алып жүремін, өйткені шетелде медициналық қызмет өте қымбат.

– Студенттерге арзан әрі тиімді саяхаттауға қандай кеңес бересің?

– Арнайы құпия жоқ.

Өзім көбіне Freedom және Aviasales қосымшаларын пайдаланамын. Мысалы, жақында Freedom-мен небары 12

Саяхат — өмірдің ең үлкен мектебі

зығушылығым 2-курстан бастап оянды. Сол кезден бастап гид болып түрлі тур агенттіктерде жұмыс істедім, кейіннен авторлық турлар ұйымдастыра бастадым.

– Алғашқы сапарың есінде ме? Қай жаққа бардың?

– Иә, 2023 жылы алғаш рет Өзбекстанға бардым. Кейіннен сол елге гид болып барып, бірнеше топпен жұмыс істедім.

– Саяхатқа шығуыңа түрткі болған не нәрсе еді?

– Мектепте география пәнін ерекше жақсы көретінмін. Үйде отырып картадан елдердің астанасын қарап, сол жерлерді бір көруді армандайтынмын. Сол арман кейін шындыққа айналды.

– Саяхат кезінде есте ерекше қалған қызықты оқиғаңыз бар ма?

– 2024 жылдың шілде айында досым екеуміз Германияда болдық. Ол жақта демалыс күндері рейстер азаяды. Біз “DV навигатор” деген қосымша арқылы рейстерді қарап жүргенбіз. Бір сапарда Лейпциг қаласынан Хемнице жол тарттық. Ортада бір сағаттық ауысып міну болды. Алайда белгісіз бір қалаға түсіп қалдық. Қала тым қорқынышты – 19 ғасырдағы ескі сәулет үлгісінде. Рейстің жүру уақыты өзгеріп кеткенін білдік. Сол кезде бір сириялық кісімен таныстық, түрі мен киімі қорқынышты көрінгенімен, көмектесіп, бізді басқа қалаға жеткізіп берді. Жолақы төлеуде



де біраз қиындық болды, халықаралық картамыз өтпей, амалын тауып есептестік (күліп).

– Саяхатты жоспарлағанда неден бастайсың?

– Ең алдымен баратын елдің тарихын, тұрмысын, дәстүрін және қауіпсіздігін зерттеймін. Бұл жеке сапар болса да, тур ұйымдастыру болса да — міндетті. Сонымен қатар, сол елдің заңдарымен де танысып аламын.

– Ал жолға шыққанда қауіпсіздікті қалай сақтайсың?

– Міндетті түрде чекаптан өтемін және өзім үшін медициналық сақтандыру жасаймын. Кейбір елдерде ол міндетті емес, бірақ мен өз қауіпсіздігім үшін аламын.

мың теңгеге Алматыға барып келдім. Ал Aviasales-те билеттің бағасы мен компания аты көрсетіледі. Сенімді болу үшін әрдайым Google-ден пікірлерін оқып, содан кейін ғана сатып аламын.

– Саяхат саған не үйретті?

– Ең бастысы, тәуекелшіл болуды және ештеңеден қорықпауды үйретті. Саяхат барысында әр жағдайдан сабақ аласың, жаңа адамдармен тіл табысуды, өмірге ашық болуды үйренесің.

– Қай елге барғың келеді және неге?

– Америкаға барғым келеді. Себебі бала күнімнен “Один дома” секілді фильмдерді көріп, сол елге қатты қызықтым. Бұл — менің балалық арманым.

– Студенттерге саяхатқа шығуға қорықпау үшін қандай кеңес бересің?

– Тәуекелшіл болыңыздар! Ең бастысы — қорықпау. Сондай-ақ ағылшын тілін үйреніңіздер. Менің ағылшыным әзірге жол сұрайтын деңгейде, бірақ Америкаға бару үшін жақсартамын деп мақсат қойдым.

«Саяхат — тек қана жол емес, ол — өмір мектебі. Әр сапар өзіңді жаңа қырынан тануға мүмкіндік береді» дейді Серікболсын.

Мерей БАТЫР,
Журналистика бөлімі
2-курс студенті.

DİLİMİZ KİMLİĞİMİZDİR

Türk Dili Bayramı Hoca Ahmet Yesevi Üniversitesinde Coşkuyla Kutlandı.

26 Eylül Türk Dili Bayramı, Hoca Ahmet Yesevi Uluslararası Türk-Kazak Üniversitesi Filoloji Fakültesi son sınıf öğrencilerinin hazırladığı “Dilimiz Kimliğimizdir” temalı programla coşkuyla kutlandı.

Her yıl Türkiye’de kutlanan Türk Dili Bayramı, bu yıl da üniversitemizde gençlerin hazırladığı zengin içerikli etkinliklerle anlamlı bir şekilde idrak edildi. Program, Kazakistan ve Türkiye Cumhuriyetlerinin millî marşlarının okunmasıyla başladı. Ardından Filoloji Fakültesi Dekan Yardımcısı Doç. Dr. Janar Süyinjanova ile Türk Filolojisi Bölüm Başkanı Dr. Öğr. Gör. Halil Çetin açılış konuşmalarını yaparak etkinliği resmen başlattı.

Program boyunca öğrenciler, şiirler okuyarak Türkçenin zarafetini, edebî gücünü ve millet hayatındaki yerini vurguladılar. Dil üzerine yapılan konuşmalarda, her halkı diğerlerinden ayıran en önemli unsurun dili olduğu, dil sayesinde



ataların mirasının tanındığı ve geleceğe yön verildiği ifade edildi.

Etkinliğin sonunda öğrenciler, Türk mutfağının seçkin lezzetlerini tanıttılar. Ayrıca Türkçe yazılmış önemli eserler ve Türkçeye çevrilmiş kitaplar sergilenerek katılımcılara sunuldu. Kutlama, Türkçenin yalnızca bir iletişim aracı olmadığını;

aynı zamanda milletimizin kimliğini, bağımsızlığını ve kültürel sürekliliğini temsil eden en değerli miras olduğunu bir kez daha hatırlattı.

Mahaş GÜLNUR,
Yabancı Diller Eğitimi Bölümü,
4. sınıf öğrencisi.

ОРХОН БАҒДАРЛАМАСЫНДА ЖАҢА АКАДЕМИЯЛЫҚ КЕЗЕҢ

Университетіміз халықаралық академиялық ынтымақтастықты одан әрі нығайта отырып, Орхон академиялық алмасу бағдарламасы аясында 2025–2026 оқу жылының күзгі семестрінде Түркия, Әзербайжан, Қырғызстан және Өзбекстан елдерінен профессор-оқытушыларды қабылдауды бастады. Осы семестрде бағдарлама аясында: Түркияның Артвин Чорух университетінен 1 оқытушы, Әзербайжанның Баку Славян

университетінен 1 оқытушы, Әзербайжанның Спорт академиясынан 2 оқытушы университетімізде дәріспен семинарлар өткізуде. Сонымен қатар, 2025–2026 оқу жылы бойы Қырғызстан мен Өзбекстанның таңдаулы жоғары оқу орындарынан келетін оқытушылармен де тәжірибе мен білім алмасу жалғасады. Қонақ оқытушылар өздерінің салалары бойынша дәріс оқып, семинарлар өткізіп, студенттерге түрлі елдердің академиялық

тәжірибесін таныстырады. Орхон алмасу бағдарламасы түркі дүниесінің жоғары оқу орындары арасындағы академиялық ұтқырлықты дамытып, білім мен мәдениеттің өзара алмасуын көздейді. Университетіміз осындай ынтымақтастықтар арқылы академиялық және мәдени тұрғыдан халықаралық беделін арттыруды жалғастырып келеді.

ЯУ-ақпарат.

Ясауи университеті

УНИВЕРСИТЕТ СТУДЕНТТЕРІНІҢҮНІ

Газет 1995 жылдан шыға бастады

Меншік иесі: Қожа Ахмет Ясауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік университеті

Редактор: ӘТІРГҮЛ ТӘШІМОВА

Медиа және PR орталығы

Тілшілер:
Журналистика кафедрасының
студенттері

Көркемдеуші редактор:
Асқат СӘДІБЕКОВ

Фототілші:
Нақып ШЫНТЕМІРОВ

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді және кері қайтарылмайды. Редакцияға жолданған хаттар 1,5 компьютерлік беттен аспауы тиіс. Автордың пікірі, мақалалары, ашық хаттары мен үндеулері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Кейбір суреттер интернеттен алынды

Газетті есепке қою
туралы

№11180-Г куәлікті 2010 жылы 4 қазанда Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі берген.

2019 жылдың қаңтарынан бастап
« Ясауи университеті » газеті
электрондық және интернет форматында шығарыла бастады.

Редакция мекен-жайы: 161200, ОҚО, Түркістан қаласы, Б.Саттарханов № 29, бас оқу ғимараты 216-кабинет. Байланыс телефоны: 8 /72533/ 6-38-13, ішкі (1020) Эл.пошта: a.yassau@mail.ru